

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының докторанты Жолдыбаев Ерлан Сатыбалдыевичтің «8D04113 – Мемлекеттік басқару» білім беру бағдарламасының бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстан Республикасының цифрландыру саласында жобалық менеджмент негізінде мемлекеттік басқару» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

АНДАТПА

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан Республикасының экономикасын ресурстарға бағдарланған экономикадан инновациялық экономикаға трансформациялау қажеттілігін түсіну бүгінде мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінде көрінеді. Бұл саяси декларациялар, нормативтік-құқықтық салаға тиісті өзгерістер енгізу және инновациялық даму бағытында басқарушылық шешімдер қабылдау формасында көрінеді. Қазақстанның экономикасы мен мемлекеттік басқаруындағы инновациялық өзгерістер жағдайында басқару шешімдерінің сапасы мен тиімділігін арттыру мәселесі өткір тұр. Әлемнің озық экономикаларын дамыту тәжірибесі бұл міндеттерді басқару мен цифрландырудың жобалық нысандары негізінде шешуге болатындығын растайды.

Ел басшылығының мемлекеттік саясатының мақсаттары Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын, оның ішінде цифрлық технологияларды пайдалану есебінен жақсарту болып табылады. Бұдан басқа, Қазақстан экономикасының ұзақ мерзімді перспективада болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшуі үшін жағдайлар жасалуда. Нәтижесінде, 2024 жылы цифрландыру деңгейі бойынша Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының электрондық үкіметті дамыту рейтингінде 24-ші орынды иеленді.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін өзгерте отырып, мемлекеттік басқарудың сервистік моделін әзірлеу қажеттілігін сипаттайды. Мәселен, әртүрлі ақпараттық жүйелер мен дерекқорларды интеграциялау арқылы бір өтініш қағидасы бойынша проактивті мемлекеттік қызметтерді ұсыну көзделеді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың қазіргі кезеңі мемлекеттің тұрақты дамуы үшін цифрландыру саласында икемді технологияларды енгізудің тиімді тетіктерін әзірлеуді талап етеді.

Зерттеу нысаны экономиканы цифрландыру саласындағы жобаларды іске асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару органдары болып табылады.

Зерттеу пәні: экономиканы цифрландыру саласындағы жобалық

менеджмент негізінде Қазақстан Республикасын мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға ықпал ететін процестер.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты Қазақстан Республикасының экономикасын цифрландыру саласында іске асырылып жатқан жобаларды талдау негізінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру және осы жобалар негізінде мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөніндегі ұсынымдар әзірлеу болып табылады.

Диссертациялық зерттеудегі мақсатқа жету үшін келесі міндеттер қойылды:

- ұйымдастырушылық-әдіснамалық контексте мемлекеттік басқарудағы жобалық менеджмент пен цифрландыруға толық сипаттама беру;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқаруды цифрландырудағы жобалық менеджментті дамыту драйверлерін жүйелеу және олардың тиімділігін бағалау;

- отандық және шетелдік тәжірибені ескере отырып, цифрландыру саласындағы жобалық менеджменттің әдістері мен технологияларын қорытындылау;

- экономиканы цифрландыру жобаларын іске асырудың тәжірибесі мен ағымдағы проблемаларын зерделеу;

- жобалық менеджмент тұрғысынан Data-Driven Government перспективалық моделін іске асыруды қамтамасыз ету бойынша ұсыныстарды негіздеу;

- цифрландыру саласындағы жобаларды іске асыруды ескере отырып, Қазақстан Республикасын мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар әзірлеу.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында зерттеу әдістерінің кешені қолданылды. Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми әдебиеттерді талдаудың формальды әдісі, талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері, анықтамалық талдау, жүйелік талдау жүргізілді. Сондай-ақ, экономиканы цифрландырудың ұлттық бағдарламаларының компоненттері талданды.

Эмпирикалық зерттеу базасы ретінде «Азаматтарға арналған үкімет» КЕАҚ» фокус-тобының нәтижелері пайдаланылды.

Зерттеудің келесідей эмпирикалық әдістері қолданылды: жарияланған сараптамалық бағалаудың мета-анализі; сараптамалық бағалау; корреляциялық-регрессиялық талдау. Нәтижелерді жалпылау үшін PEST, мүдделі тараптарды талдау, SNW, SWOT, себеп-салдарлық диаграммалар қолданылды.

Алынған нәтижелердің ғылыми жаңалығы мен маңыздылығы:

- цифрландыру саласындағы мемлекеттік жобалардың стейкхолдерлерінің әртүрлі топтарының мақсаттары туралы идеялар жинақталып, құрылымдалған;

- мемлекеттік органдарда цифрландыру жобаларының нәтижелеріне қатысты стейкхолдерлердің талаптары мен күтулерінің құрылымы әзірленді;

- цифрландыру саласында жобалық менеджментті жетілдіру табысының негізгі факторлары қорытылды;

- цифрландыру жобаларының танымалдығы мен халықтың цифрлық сенім деңгейі арасындағы корреляция негізделген;

- цифрландыру саласындағы тиімді РМ қағидаттарының басымдығына негізделген жобалық менеджмент тұрғысынан Data-Driven Government перспективалық моделін іске асыруды қамтамасыз ету тұжырымдамасы негізделген;

– Data-Driven Government моделінде цифрлық сенім тәуекелдерін жіктеудің іс жүзінде маңызды жүйесі ұсынылды.

Қорғауға шығарылатын диссертацияның ғылыми ережелері:

1. Мемлекеттік органда іске асырылатын жобаның стейкхолдерлерін талдаудың ұсынылған нәтижелері мемлекеттік органдарда Цифрландыру саласындағы жобаларды басқарудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік цифрландыру жобаларында РМ-ді ұтымды пайдалану ресурстарды пайдаланудың нәтижелігін мен тиімділігін арттыруға, сондай-ақ мемлекеттік басқарудың икемділігін жақсартуға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациясы басқарушылық қызмет процестерін едәуір жеделдетуге мүмкіндік береді, пайдаланушылар үшін қашықтан қол жеткізуді автоматтандыру және ұсыну мен азаматтар мен бизнестің мемлекетпен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндіктерін кеңейту есебінен мемлекеттік басқару сапасын арттыруға ықпал етеді.

2. Қазақстан Республикасында жобалық менеджментті сәті дамыту мен мемлекеттік органдарда цифрландыру үшін қажетті драйверлер көрсетілген. Мемлекеттің белсенді ұстанымы және ірі ұйымдардың басшылары арасында жобаларды басқару әдістеріне деген қызығушылықтың артуы РМ-нің одан әрі таралуына ықпал етеді. Сонымен қатар, Қазақстанда мемлекеттік дамудың стратегиялық мақсаттарын өзектендіру аясында мемлекеттік цифрландыру жобаларын іске асыру үшін жобалық менеджментке сұраныс артып келеді.

3. Қазіргі уақытта цифрлық сенім цифрлық тәуекелдерді сауатты басқарумен тығыз байланысты. Қоғамның үлкен деректер негізінде мемлекеттік басқаруға көшуге дайын болуы үшін азаматтардың өздері мен бизнестің өз деректерімен бөлісуге деген ұмтылысы маңызды элемент болып табылады. ЭҰ жобаларының танымалдығы мен халықтың сенім деңгейі арасындағы корреляция арқылы цифрландыру саласындағы жобаларды іске асыру халықтың цифрландыруға деген сеніміне байланысты деген тұжырым расталады. Бұдан басқа, цифрландыру саласында жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа белгілі бір өңірлерде цифрлық сенімнің төмендігіне байланысты ел бойынша электрондық мемлекеттік қызметтерді пайдалануда диспропорция байқалады.

4. Бүгінгі таңда жобаларды жүзеге асырудың барлық кезеңдерінде цифрландыру саласындағы жобаларды табысты іске асыру үшін білімнің мол теориялық-әдіснамалық багажы жинақталды. Жобалық цифрлық мемлекеттік басқарудың перспективалық моделі Big Data технологияларында жұмыс істейтін Data-Driven Government болып табылады. Big Data – ға негізделген технологиялар бүгінде экономиканы цифрландыруда ең сұранысқа ие технологиялардың бірі болып табылады. Көптеген халықаралық және қазақстандық сарапшылар «Data Driven» («деректермен басқарылатын») тәсілін енгізуді мемлекет пен қоғамның цифрлық трансформациясының негізгі

факторларының бірі ретінде жиі бағалайды.

5. Data-Driven Government моделінде цифрлық сенімнің болмауына байланысты тәуекелдерді азайту бойынша ҚР билік органдарына ұсынымдар әзірленді. Цифрлық сенім Data-Driven Government қызметін қамтамасыз етудің маңызды элементі болып табылады. Цифрландыру саласындағы саясатты жүргізетін мемлекеттік органдарға Data -Driven Government моделінің осалдығын азайту мақсатында ұсынылған цифрлық сенім тәуекелдерінің жіктелімін пайдалану маңызды. Мұндай тәуекелдердің салдары халық пен бизнестің цифрландыруға және оның операторы ретінде мемлекетке деген сеніміне әсер етеді.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі.

Ғылыми зерттеу Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы), сондай-ақ 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы) сәйкес келеді.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы цифрландыру жағдайында тиімді жобалық менеджмент принциптерінің профилін әзірлеу болып табылады. Бұл профильді мемлекеттік органдарда РМ тиімділігін арттыру мақсатында РМ-дегі өзгерістер векторларын және басқарудың ішкі ұйымын анықтау үшін пайдалануға болады.

Data-Driven Government жобаларының сәттілігінің негізгі факторы ретінде цифрлық сенім деңгейін арттыру бойынша ұсыныстар ұсынылды.

Data-driven Government перспективалық моделін енгізу бағдарламасы әзірленді.

Диссертацияның тәжірибелік қорытындылары мен ұсыныстарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және жергілікті өзін-өзі басқару органдары ұлттық экономиканы цифрландыру жобаларын әзірлеу және орындау барысында пайдалана алады.

Зерттеудің бірқатар теориялық нәтижелерін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мекемелерінің оқу процесінде мемлекеттік басқару және жобалық менеджментпен байланысты курстарды зерттеу кезінде қолдануға болады.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау және докторанттың әрбір басылымды дайындауға қосқан үлесін сипаттау.

Диссертация тақырыбы бойынша 4 ғылыми жұмыс жарияланды: Scopus дерекқор журналында 1 мақала, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған журналдарда 3 мақала.

Бұдан басқа, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінен ҚР халқының цифрлық сауаттылығын дамыту тұжырымдамасының жобасына ұсынылған ұсынымдар бойынша енгізу актісі

алынды.

1. «Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің жобалық кеңсесі жұмысының ерекшеліктері» // «Тұран» университетінің хабаршысы, 2022 (1), 182-191 ББ, DOI: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-1-182-191>. Докторанттың үлесі-50%.

2. «Цифрландыру-мемлекеттік аппарат пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл құралы ретінде» // Қарағанды университетінің Хабаршысы, Экономика сериясы. 2023 (2), Б.199-207, DOI: <https://doi.org/10.31489/2023ec2/199-207> Докторанттың үлесі - 50 %.

3. «Мемлекеттік басқарудағы жобалық тәсіл: тәуекелдер мен мүмкіндіктер» / / «Тұран» университетінің хабаршысы, 2022 (3), Б.201-211, DOI: <https://doi.org/10.46914/1562-2959-2022-1-3-201-211>. Докторанттың үлесі - 35 %.

4. «Project management as a way to increase the efficiency of civil servants» // Res Militaris. Revue europeenne d etudes European Journal of military studies, 2022 (2), Б.3146-3154, DOI: 10.48047/resmi.v12i2.218. Докторанттың үлесі-35 %.